

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
ЖШС «Айболған» бебекжай балабақшасы



«Бекітмін»
Балабақша мейхерүнісі
Естемова Б. *[Signature]*

Педагогикалық кеңестің хаттамалары 2018-2019 оқу жылы



Айболған бөбекжай балабақшасы

Қазығұрт ауылы

29.08.2018 жыл

Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№1

Қатысқандар:10

Күн тәртібінде:

1. а)Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті **стандарт** талаптары және ережелерімен таныстыру.
ә)"Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бүйрығына өзгерістер енгізіліп,
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бүйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелді. Ондағы 1-ші қосымша **1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оку жоспарымен** таныстыру.
б)Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **типтік оку бағдарламасымен** таныстырув) ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасымен таныстыру. г) ҚР Білім және ғылым миністрийін 2016 жылғы 27 қантардағы № 83 бүйрығының мектепке дейінгі білім беру үйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарымен таныстыру.
2. Балабақшаның жылдық жоспары мен үйымдастырылған оку іс-әрекетінің кестесін бекіту.

3.«Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі».Пікір алмасу.

4.Әлеумет саласына қажетті әдебиеттер көрмесі.

5.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

1.Тыңдалды:

Сөйледі: Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі: Б.Естауова сөз алды:

Тағы да бір оку жылына аяқ басқалы отырмыз. Жаңа оку жылында жаңа міндеттер қабылдан ,алдымызға жаңа мақсат қоямыз.Бір жылға жоспар түзіп ,ұйымдастырылған оку қызметінің кестесін бекітеміз.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына жаңа толықтырулар мен өзгерістер енді.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны - әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру кіріктіру жолдарымен іске асырылады.Білім беру салалары : «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бес білім саласына негізделген.Ұйымдастырылған оку қызметтері де,жүктеме саны, ұзақтығы бәрі өзгерген.

«Денсаулық» саласындағы дene шынықтыруға барлық топта 3 сағат берілген.

«Коммуникация» білім беру

I-Кіші топ (2-3жас)-1сағат Сөйлеуді дамыту 0,5,Көркем әдебиет-0,5.

II-Кіші топ (3-4жас) 2-сағат Сөйлеуді дамыту 1,Көркем әдебиет-0,5,Орыс тілі -0,5.

Ортаңғы топ (4-5)жас 2,5 сағат,Сөйлеуді дамыту -1,,Көркем әдебиет-0,5,

Драма-0,5,Орыс тілі-0,5.

«Таным»саласында

I-Кіші топ (2-3жас)-2 сағат Сенсорика- 0,5,Құрастыру-0,5,Жаратылыстану-1

II-Кіші топ (3-4жас)-2,5 сағат Қарапайым математикалық ұғымдарды

қалыптастыру-1,Құрастыру-0,5, Жаратылыстану-1

Ортаңғы топ (4-5жас)-2,5 сағат Қарапайым математикалық ұғымдарды

қалыптастыру- 1,Құрастыру-0,5,Жаратылыстану-1

«Шығармашылық» саласы

I-Кіші топ (2-3жас)-3 сағат Сурет салу-1,мұсіндеу-0,25,Аппликация-0,25,

Музыка-1,5 сағат.

-II-Кіші топ (3-4жас)-3 сағат-Сурет салу-1,мұсіндеу-0,25,Аппликация-0,25,

Музыка-1,5 сағат.

Ортаңғы топ (4-5жас)-3,5 сағат,Сурет салу-1,мұсіндеу-0,5,Аппликация-0,5,

Музыка-1,5 сағат.

«Әлеумет»саласында

I-Кіші топта ұйымдастырылған оқу қызметі жоқ.

II-Кіші топта-0,5 сағат, Қоршаған ортамен таныстыру -0,25, Экология негіздері-0,25 сағат.

Ортаңғы топ (4-5жас)-0,5 сағат, Қоршаған ортамен таныстыру - 0,25, Экология негіздері-0,25 сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзактығы:

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі

I-Кіші топ (2-3жас) -9 сағат I-Кіші топ (2-3жас) 7-15 минут

II-Кіші топ (3-4жас)-11сағат . II-Кіші топ (3-4жас) 7-15 минут .

Ортаңғы топ (4-5жас)- 12 сағат Ортаңғы топ (4-5жас) 15-20 минут

Ересек топ (5-6)-17сағ Ересек топ (5-6)- 25-30 минут

Вариативтік компонент:

Ересек топта 3 сағат ,ортаңғы топта 2 сағат берілген ертеғілер елінде-1 сағат, қимылды ойындар -1сағат,

II-кіші топта 1 сағат берілген қимыл қозғалыс ойындар етіп бекіттік, әр тәрбиеші жылдық, күнделікті жоспарымен қосып өзі жүгізеді.

ә) Балабақша менгерушісі: Б.Естауова бір жылдық үлгілік оқу жоспарындағы бір жылдағы әр салада, әр ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің санын түсіндіріп, стандарт бойынша алынып, бекітілгенін айтты.

б)) Балабақша менгерушісі : Б.Естауова Бұрын «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламасымен оқу тәрбие жұмысын жүргізіп келдік. Енді жаңа типтік бағдарламамен оқу тәрбие жұмысын жүргіземіз. Ұйымдастырылған оқу қызметін кіріктірілген түрде ұйымдастырамыз. Бағдарлама мақсаты мен міндеттері КР «Білім туралы» заңына, КР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленген. Отандық және шетелдік ғылым мен тәжірибелерді ескере отырып бірыңғай үлгілік оқу жоспарын әзірлеу қажеттілігінен пайда болды. Және оны бірыңғайлауда апталық тақырыптар белгіленді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі де кіріктіруге ыңғайланып жасалды, тек дене шынықтыру мен музикағана кіріктірілмей жеке өтеді. Жылдық, апталық жоспарлар өзгермейді, тек сағат саны сақталу қажет деді.

в) Балабақша менгерушісі: Б.Естауова педагогтарды КР-да білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мелекеттік бағдарламасын бекіту туралы Елбасымыздың 2016 жылғы 1 наурыздағы №203 жарлығы жөнінде тоқталып, таныстырып өтті.

Бағдарламаны әзірлеген КР білім және ғылым миністрлігі. Бағдарлама мақсаты: экономиканың орнықты дамуы үшін білім берудің және бәсекеге қабілеттілігін арттыру, мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен оқытуға тез қол жеткізу ді қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетті кадрлармен қамтамасыз ету. Білім беруді, ғылымды, инновацияларды интеграциялау, педагог кадрлардың сапалық құрамын

жақсарту, беделін көтеру, дамытуша органдың мазмұнын жаңарту. Өз балабақшамызда да осы даму бағдарламаны іске асыруда өз үлесімізді қосуда іс-шаралар түзілді. Материалдық базаны нығайту, балаларға жан-жактың білім беру сапасын арттыру, рационалды тамақтандыру, заман талабына сай әдіс-тәсілдерді оку тәрбие процесіне ендіру, медициналық қызмет сапасын көтеру, көгалдандыру жұмыстары жоспарланды.

2.Тыңдалды: Балабақшаның жылдық жоспарын, күн тәртібін, үйымдастырылған оку іс-әрекетінің кестесін бекіту жөнінде балабақша менгерушісі: Б.Естауова сөз алды :Осы өзгерістерді ендіре отырып алдағы уақытта осы бекітілген жоспар бойынша оку тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізулеріңді тапсырамын .Жалпы балабақшаның жылдық максаты «Таным» және «Денсаулық» саласы етіп алынды.Балалардың денсаулығын нығайта отырып ,жан-жакты танымын арттыруды ,дамытуши орталарды толықтырып ,көрнекіліктер саны бала санына жеткілікті, талапқа сай болуына көніл бөлінсін. Балаларды ынталандыратын, ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдер, ойындар, зерттеу жұмыста-ры, серуендер мен іс-шаралар тартымды жоспарлансын. Тәрбиешілер талапқа сай материалдар жинақтан, сабаққа, ойынға алдын ала дайындықпен келсін, жауапкершілікпен қарауды тапсырамын деді.

3.Тыңдалды:

Сөйлемді: «Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі» тақырыбы жөнінде балабақша менгерушісі: Б.Естауова сөз алды . Жалпы педагогтар қауымы заман талабы мен ағымына байланысты ізденіп ,даму үстінде болуы керек. Кез келген маман иесі дамуы, ізденуі қажет. Ал, К.Маркс болса : « өзін өзу тану ,өз бетінше даму - даналықтың белгісі» деп көрсеткен.

Бүгінгі пікір алмасу тақырыбы да осы «Өзін-өзі дамытуды басқару құзыреттілігі». Ұжымда педагогтар бірін бірі тәрбиелейді, тәжірибе алмасады, тәлімгер тәрбиешілер жас мамандарға комек көрсетеді. Бірақ жеке тұлға ретінде өзі ізденіп , өзі даму әрекеттері қандай? Өз пікірлеріңді білдірініздер.

Сөйлегендер: Әдіскер: М.Нурлыбекова сөз алды .Мен адамзаттың ең жоғары ақылмандық деңгейі кез келген жағдайда бейімделуі деп ойлаймын. Қажет болған жағдайда өзіндегі білім мен тәжірибе , ақыл мен икем, тәрбие болса , қабілет болса жұмысын алға басады. Жағдайға қарап бейімделу де сол, тірліктиң көзін тауып менгеру, іздену, әрекет ету. Қандай жағдайда ыңғайлы, тиімді , адам өміріне зиянсыз, сапалы болады деп нәтижесіне жетуге үмтүлу. Тәрбиеші: А.Холдарбекова Тәрбиеші баланың ақылшысы, қоргаушысы , досы бола отырып, жауапкершілікті өз мойнына алады. Балаға жан-жакты тәрбие беру үшін өзінің де жан-жакты болуы тиіс. Балалар үшін бәрі жана , бәрі қызық. Оларға жас ерекшелігіне сай тура жауап, түсінікті ұғым беруіміз қажет. Алған жауабына бала қанағаттануы қажет. Біздің топтың балаларының сұрақтары да үнемі бізді қоршаган оргамен байланысты , табиғат, ақпарат құралдары жөнінде болады. Ал адам өзін-өзі әрине дамыту қажет деп білемін.

Балабақша менгеруші:Б.Естайова Әр адам өзін-өзі дамытуда ,алдына бір мақсаттар қою керек деп ойлаймын. Мақсатка жетудегі қыншылықтар мен кедергілерден өту-даму деп ойлаймын.

-Өзін-өзі бағалауы қажет

-ұйымдастыруышылық қажет

-өз белсенділігін зерделеу қажет

-қарым-қатынас орнатқан жағдайда ,жетістікке жетеді деп ойлаймын.

Тәрбиеші: М.Усейнова Педагог –өзін-өзі тану,даму үшін - өзінің ойын,жан тазалығын,тән тазалығын жүргізіп ойлану қажет. Яғни тән тазалығы - денсаулық,ой тазалығы - ақыл , жан тазалығы пәктік,адалдық. Осы касиеттер даму үстінде болса, демек ,ол адам да даму үстінде. Ал,қабілетті ,дарынды бала тәрбиелеу міндептіміз.

4.Тындалды :Келесі «Әлеумет саласына арналған әдебиеттер көрмесі» жөнінде б/б менгерушісі Б.Естайова сөз алды.Ол өз сөзінде :Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартының «Әлеумет» білім беру саласының мақсаты : «Әлеуметтегі жағымды мінез-құлық пен катынаска қабілетті әлеуметік-бейімделген шығармашыл тұлғаны тәрбиелу,Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу,ұлкендерді құрметтеу»

Осы білім беру саласының міндептері балабақшамызда орындалуы , нәтижесі,жолдары қалай ұйымдастырылуда? Жалпы көрме ұйымдастырудагы мақсатымыз да сол,кездесетін проблемалар қажетті әдебиеттер мен көрнекіліктер сапасы мен санын анықтау еді.

Жалпы әлеумет саласында : - отбасында

- ұжымда

- қоғамда

Кездесетін балалардың өзін тану тәжірибесі жөнінде не айтасыздар?-деді .

Сөйлегендер : II-кіші топ тәрбиешісі: сөз алды :

Сәбілерге әлеуметтік тәрбие беруде бұлдіршіндермен отбасы жөнінде әңгімелескенде : - өзі және отбасы жөнінде айта білуі,

-отбасы мүшелерінің немен шұғылданатыны,

- көршілердің атын айта білуі,

- ұлкендерді сыйлау

- өз үйінің тұрғын жері туралы білуі

- алғыс айта білу

туралы әңгімелер ,суретпен ,альбоммен әңгімелер,санамактар, бейнетаспалар көру арқылы нәтижеге жетуге әрекеттенеміз.

Балабақша әдіскері:Б.Естайова сөз алды:

Қазак халқының ұлы ағартушысының бірі М.Жұмабаевтың еңбектерінде жазылған: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы - ұлт тәрбиесі» Әрбір ұлттың бала тәрбиесі туралы ескіден келе жаткан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып ,көп буын қолданып келе жатқан тайғақ жол болғандықтан ,әрбір тәрбиенің сөз жоқ ,ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан,тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндепті.»-деп көрсеткен

деді.Демек,балабақшада балалардың бірлескен ұжымында ,отбасында,қоғамда әлеуметтік тәрбие беруде сыны ескеруді үсінамын.

Ал,көрмеге тоқталатын жалпы барлық топта ұлттық тәрбие беретін ұлттық бұрыштар,Республикамыздың елтаңбасының,туының суреттері бар,рәміздерді балалар біледі,ұлттық ойындар ойналып ,ұлттық мерекелер аталып өтіледі.Халқымыздың мақал-мәтелдер жинағы, жаңылтпаштар,әңгімелер,аңыз әңгімелер мен ертегілер жинағы бар,хрестоматиялар,бүкіл жер шарының картасы - глобус бар,маман иелерінің суреттері,ұлкендердің қызметтері бейнеленген суреттер бар.Әлеумет саласының көрнекілік құралдарын үнемі жаңалап,толықтырып отырайық.

Балаларымыздың өмірге ойдағыдай бейімделуі мен әлеуетте өз орнын таба білуіне негіз болатын тәрбие мен жол көрсете білейік деді.

5.Тыңдалды : Келесі мәселе Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту жөнінде балабақша менгерушісі:Б.Естауова сөз алды.Ол өз сөзінде :

Өткен кенесте шығармашылық жұмысарыныңға есеп беру кезінде де «Елбасымыздың сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек деген тапсырмасын сөзге тиек еткен едім.Іздену,даму,еңбектену жұмыстарын бірде-бір педагог тоқтатпасын,ізденіп жұмыс жасайық,жаңа технологияны менгеруге ұмтылып,қызықты етіп,педагогикалық ұдерісте балалар жалықпай-тын,ықыласын арттыратын өдіс-тәсілдерді менгеруге,жүргізуге бет бұрайық деген едім.

Жаңа оқу жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыныңға ерінбей материалдар ізден,жинақтап,жаңа түрғыда байланыстар тауып ,ендіруді тапсырымын. Бекітілген тақырыптармен жүргізуде табыс тілеймін.

қаулы етеді :

1 Мемлекеттік стандартқа енген өзгерістерді енгізіп,жаңа үлгілік оқу жоспарымен,тиptіk бағдарлама бойынша,ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыруда,бекітілген жылдық оқу жоспары,күн тәртібі,ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бойынша 2018-2019 оқу жылында оку-тәрбие жұмысы жүргізілсін.

Жауапты:менгеруші:Б.Естауова

2.01.09.2018 бастап білім салаларын кіріктіру арқылы негізінде , мазмұндас етіп алып ұйымдастырылған оқу қызметі жоспарланып , жүргізілсін . Жауапты :әдіскер, тәрбиешілер.

3.Әрбір педагог өз белсенділігін зерттең,зарделеп,жетістіктерге жетуғе дамуға әрекеттенсін.

4.Әлеумет саласына көрнекіліктер 01.10.2018 –ға дейін толықтырылсын.Жауапты: Әдіскер,тәрбиешілер

4. Тәрбиешілер шығармалық тақырыптарына сай, ізденіп, материалдар жинақтауды жалғастырыс.

Төрайымті:



Хатшы:

Б.Естауова

М.Нұрлыбекова

Айболған бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестіңхаттамасы

№2

Катысқандар:9

Мерзімі:12.10.2018ж

Күн тәртібі:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері мен жоспар құрылымы.
(баяндама тәрбиесі: А.Холдарбекова)
3. Ата-аналармен жұмыс түрлері. Ата-аналар рингі (сұрақ-жауап)
4. Ашық сабактарды талқылау.

Тындалды: Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

Сөйлемді: Б.Естауова – балабақша менгерушісі «Педагогикалық кеңестер» мақсаты педагогикалық үдеріс сапасын жақсарту, қарастыру болып табылады. Педагогикалық үдеріс сапасын көтеру жұмысымыз да тиянақты, жан-жакты қамтылған болу керек. Балабақшада бекітілген күн тәртібі, сабак кестесі бойынша күнделікті жұмыс жүруде. Балаларға балабақшада ең бірінші қауіпсіз, санитарлық-гигиеналық жағдай жасалып, апталық жүктеме саны, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы сақталып, балаларға физикалық, психологиялық ауырлық түспеу сәйкестігі сақталу керек. Балалар ойнап жүріп өзіне қажетті түсінік, ұғым, білім мен дағдылар алуы керек. Барлығын ойын түрінде, женіл қабылдайтындағы етіп өтудеміз.

Откен кеңесте педагогармен өзін-өзі дамыту жөнінде әнгіме қозгадық. Әр тәрбиесі өзін-өзі зерттеп, зерделеп ойлансын дегенбіз. Сол жөнінде өз ойларынызды ортаға салыныздар.

Сөйлемді:М.Усейнова – тәрбиесі мен өзімді жас маман, тәрбиесі ретінде, балабақшадағы тәжірибелі тәрбиешілерден өзіме алатыным көп.

Ұйымдастырылған оқу қызметінде қолданылатын әдіс-тәсілдер, құралдарды пайдалану, сөз мәнері бәрі мен үшін үлгі, даму.

Сөйлемді: Г.Әшірбаева – тәрбиесі жалпы әрбір адам өз мамандығын менгерген, белсенді, білікті маман иесі болудың өзі даму. Мысалы балабақшада откен әрбір педагогикалық кеңесте семинар сабак, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатысу, пікірталасу,тренингке қатысу біз үшін көп нәрсе береді. Оған ән айту, өлең оқуды ұнатамын, жаныма жақын болған соң оны шетте қалдырғын келмейді. Атқаруға тиісті міндеттерден басқа өнер де адамға артықтық етпейді деп ойлаймын.

Сөйлемді:Б.Естауова - балабақша менгерушісі мамандықтарынызben қоса қосымша бір өз сүйікті ісіңізben айналысу әрине өз істерініз. Ал дамыту сөзі –

бір басқа. Әсіресе жас буынға заманың ағымына, талабына, бәсекеге сай үрпак тәрбиелу үшін, біз де заман талабына сай, жаңа технологияны менгеріп, көп тілді менгеріп, сай болуға ұмтылайық, ізденейік, компьютер заманы болды. Компьютерді менгерейік деді.

Тыңдалды: Ата-аналармен жұмыс түрлері. Ата-аналар рингі (сұрақ-жауап)

Сөйлемді: А.Холдарбекова «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері, ұйымдастырылуы, әдіс-тәсілдері, мақсаты мен маңызы, қатысуга міндетті мамандар жөнінде тәрбиешінің көпшілік алдында сөз сөйлеу ережесі, жиналысты дұрыс өткізуі жөнінде, балалардың қатысуы қай жерде қажет, қажет емес, ата-аналар топқа қай кезде ене алады? Дәрістер мен баяндамалар мақсаты не? Ата-аналар жиналысының үлгісін, ойындар ұсынылып, түсіндіріп отті.

(Баяндама қоса тіркелді)

Сөйлемді: сазгер баяндамада ата-аналармен жұмыс түрлері түгел қамтылған, маған ұнады. Менін тоқталған жұмыс түрі жеке тақырыптық кенестерге тоқталып өтсем. Осы жеке тақырыптық кенес мен үшін маңызы зор. Себебі балалардың шығармашилық қабілетін байқап, жетілдіруде, жеке жұмыс жасауда кенестер берілсін. Кенесе отырып, нәтижелер оң болып шыгуына, ата-аналарға үтіт-насихат беріп, балалармен жұмыс жүргіземін деді.

Сөйлемді: М.Нурлыбекова – әдіскер баяндамада жұмыс түрлері көрсетілген. Тәрбиеші тоқталғанда кейбір түрлерін сенімсіздеу жеткізді. Өйткені практика жүзінде өзі өткізіп көрмегені көрініп тұр. Өз ісінде сенімді болмаған кезде, ойын осылай шашыраңқы, түсініксіз болады. Сенімділік болу үшін, жұмысын тиянақты, дайындалған, ізденген, өткізген кезде – батыл сойлейсін. Осы түрлерін өткізіп, ізденуді ұсынамын деді.

Тыңдалды: Ата-аналармен жұмыс түрлері. Ата-аналар рингі (сұрақ-жауап)

Ата-аналар тартымды жауап берді.

2. "Балбебек" 1-кіші Қонысбаева Айгерім "Ойыншықтар" ашық оқу-қызметін талқылау

Сөйлемді: – тәрбиеші сабакқа ұқыптылықпен дайындалған. Балаларды қызықтырып, ықыласын аударуға арналған ірі, әдемі ойыншықтар пайдаланды. Мақсатына жетті деп ойлаймын.

Сөйлемді: М.Усейнова – тәрбиеші балалар ойыншықтармен жұмыс істеуді менгерген, солдан онға қарай орналастыруды тәрбиеші ескертіп отырды. Балалар ойыншықтарды оң қолымен алып, орналастырды. Қөрнекіліктер де өте әдемі болды. Тәрбиеші мен балалар арасында ынтымактастық бар. Бес саламен байланыстыра білді.

Шешім:

1. Ата-аналармен жұмыс түрлері қамтылып, жоспарға енгізілсін. Жауапты: Әдіскер, тәрбиешілер

2. Ата-аналармен педагогикалық ынтымактастық орнатуда, дайындық жұмыстары жауапкершілікпен, қызықты ұйымдастырылсын.

Жауапты: Әдіскер, тәрбиешілер

2.Ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастық орнатуда, дайындық жұмыстары жауапкершілікпен, қызықты үйымдастырылсын.

Жауапты: Әдіскер, тәрбиешілер

3.Тәрбиеші А.Конысбаева сабакындары, әдіс-тәсілдері үйымдастырылған оку іс-әрекетіне ендірілсін.

Тәрайымы:

Хатшы:



Б.Естауова

М.Нурлыбекова